

Махамбеттің жантәсілім етер сәттегі  
Ұлы өкініші. Ұлы арманы. Осының барлығын  
жазушы ақ қағазға түсіріп үлгермеді.

Тағдырдың жазуы.

\*\*\*

В статье рассматривается незаконченный роман великого ученого, академика Зейноллы Кабдолова. Писатель, описывая образ Махамбета, раскрывает казахскую кочевую жизнь XIX века. Он пишет о жизни и творчестве

великого поэта, анализирую его мастерство. Названная исследовательская работа – это первая статья о романе З. Кабдолова, посвященном М. Утемисулы.

\*\*\*

The article considers the incomplete novel of the great scientist, academician Zeynolla Kabdолоv. While describing the image of Makhambet the writer shows the Kazakh nomadic life of the 19-th century. He writes about the great poet's life and creativity analyzing his skill. This research is the first article about Z. Kabdолоv's novel devoted to M. Utemisuly.

## К. Ахметова поэзиясындағы тәуелсіздік тақырыбы

Ж. Б. Абдуалиева

ТарМПИ-дың ф.ғ.к., доцент, Тараз, Қазақстан

**Аннотация.** Қазіргі кезең әдебиетінде Күләш Ахметованың алар орны ерекше. Уақыт талабына сай көтеріліп отырған ел, жер, ұлт қамы, тәуелсіздік жемісі сияқты тақырыптар ақын поэзиясында көрініс алады.

Түсірмес асылыңды шаңдақ күмға,  
Туса да ақылды қыз, ардақты ұлдар,  
Торғыным, тозып кете жаздап едің...  
Ұлы елге ұлы Азаттық келді уақытыңда!  
(К. Ахметова)

Тәуелсіздік! Қазақ үшін бұдан асқан киелі, бұдан асқан қасиетті ұғым болмаса керек – ті. Өйткені бұл ұғымның сандаған ғасыр бойы мынау жалпақ әлемде еркін өмір сүріп, ұрпақ өрбіткен, әлемдік өркениетке өшпес үлес қосқан алаш баласымен бірге қайнасып, кіндігі бірге жаратылғандай көрінетіні бар. Қазақ елінің басынан қой үстіне бозторғай жұмытқалаған мамыражай тірлік те өтті: о баста біздің бабаларымыз ат шаптырып, той жасап, әнін айтып, салтын ұлықтаған азат ел еді. Басынан дұшпанның өзі түгіл сөзін асырмаған бұла күшті, асқақ рухты еді. Жеті күнгі жорықта аттан түспеген, алысқан жауын жеңбей қоймаған жауынгер халық еді. Дүние шіркін шыр айналып, «ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен» алмағайып заман да болды: үстіне қара бұлт үйіріліп, ерлерінің қол – аяғы бұғауда, қыздарының көз жасы бұлауда болған қасіретті жылдар еді. Өз еркімен тырп етуге шамасы жоқ бодан болған, қайғыдан қан жұтқан ғасырлар еді. Бұлдыр да бұлдыр күн өтіп, туған дала тарихын ұмыттыруға, жадыдан өшіруге күш салған қаскөй дәуірлер еді. Алла берген жұмыр басын бостандықтың бодауына байлаған, азаттықтың ақ жолында шейіт болған

әлемде екі халық болса, соның бірі қазақ шығар бөлкім?! Өйткені, қазақ сөзінің түп – төркіні «еркін, ешкімге бас имес адамдар» дегенді білдіретінін ғалымдар айтып жүр. Тәуелсіз еліміз, егемендігіміз жайында ақын К. Ахметова: «Адам үшін де, қоғам үшін де азаттықтың бағасы аса қымбат. Біз ата – бабамыз ғасырлар бойы аңсап, көксеген Тәуелсіздікті көзімізбен көріп, миымызға сыйғызып, жүрегімізден өткізіп, өмір салтымызға айналдырдық. Есімізді жиып, еңсемізді тіктеп, ел қатарлы бағыт – бағдар ұстадық.

Баста нокта, аяқта кісен жоқ, өз еркіміз өзімізде! Ұлан – ғайыр даламызға иелігімізді мөрлеп, дәлелдеп, рухымыз асқақтап, жанарымыз жарқылдап, төрткүл дүниеге бойымызды көрсетіп, елдігіміз бен теңдігімізді паш еттік.

Елдігіміз – бірлігіміз бен бөрілігімізге байланысты. Осынау ұлы мүмкіндікті ұстап тұру – ұлтқа сын, ұрпаққа аманат. Қазақтың қарымы мен дарыны таразыға түсетін кезі – осы!»,- деп айтқан сөзі бар[1,3].

Азаттыққа жету жолында елін сүйген ер-жүрек батырлар қандай қызмет сіңірсе, алты ауыз сөзі алты алашқа жайылған арқалы ақын – жыраулар да одан кем еңбек сіңірген жоқ.

Азаттықты аңсаған халқым сол арманының арқасында «Күлтегінін», «Алпамысын», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғынын» жазып, жырларына ерлік, еркіндік, азаттық сияқты асыл ұғымдарды арқау етті. Қазақ жұртына Жерұйық іздеген Асан Қайғыдан бастап, наркескен Махамбет пен дауылпаз Дулаттарға дейінгі аралықтағы даңқтылар поэзиясының мәңгілік сарыны азаттыққа келіп тірелетіні заңды еді.

Бұның бәрі кешегі. Ал бүгін ше?! Қазақ елі 1991 жылдың желтоқсанында анық азаттыққа қол жеткізгенде қуанбаған, қуаныштан көзіне жас алмаған адам кемде – кем. Сондағы ыстық сезімді, шаттықты, қуанышты ақындардан артық жырлаған ешкім жоқ.

Менің тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойына орай осы тақырыпқа ой жазуым жайдан жай емес. Алланың маған тәуелсіздіктің құрдасы ретінде берген сыйы болар, тәуелсіздігімізді тойлайтын айдың алғашқы күні жол түсіп ақын, журналист Күләш Ахметованың үйіне бардым. Мен үшін мұндай ерекше тұлғаның үйіне бару қызық та, қиын болды. Қызық екені айдан анық. Дегенмен, қиын болуы тек естіп, біліп, оқып жүрген атақты ақынның үйіне баруым, ол кісімен жүздесуім жүрегімнің дүрсүлін жиілетті. Дегенмен, «шешінген судан тайынбас» дегендей, өз өзімді берік ұстадым. Үйіне кіргеннен бастап, басында ойлаған қиындықтарым ұмыт болды. Ол кісінің қарсы алуы, жылы шырайы бөлек әңгіме. Күләш апай да мен секілді мерейтойға арнап мақала жазғалы отыр екен. Барысымен әңгімеміз түрлі тақырыпта болды. Әрбір айтқан әңгімесі жанымға жылу болып құйылып жатқандай. Мен де қалыспай апай жайында білгім келетін сұрақтарымды қойып отырдым, уақыттың тапшылығы бола тұра ол кісіден біраз нәрсе біліп, ұғып, үйреніп алғандаймын. Ол кісінің үйі құдды бір кітапханадай. Өзіме қызықты көптеген кітаптарды кездестірдім. Солардың ішінде ерекше қолыма алғаным осы жылы жарық көрген «Жайна, Қазақстан» кітабы. Бұл кітапта тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай ақынның барлық тәуелсіздік жайындағы туындылары жинақталған кітап екен. Міне, осы сәтте мен өзімнің мақаламның тақырыбын тапқандай қуандым. Күләш Ахметованың кісілік келбеті бір бөлек үлкен рухани әңгіме. Ал, тәуелсіздік жырлары өзінше бір зерттерлік тақырып. Осы ойымның жетегімен ақынның кітаптарын іздеп кітапханаларды араладым. Ақынның «Арғымақтар даласы»,

«Бақ», «Құт» кітаптарын қолыма алып таныстым. Ақынның тәуелсіздік жайындағы, еліміз, елордамыз, елбасымыз жайындағы, одан да бөлек тақырыптағы өлеңдерін зерттей түстім.

Ақын алғаш желтоқсанның суық желі тұра бастаған кезде қырық жасқа келген екен. Мен ақыннан сол ызғардан сезінген сезімі жайында сұрағанымда: «Менің дәл сол уақытта қолыма қалам алып, бойымдағы бар ойымды ақ қағазбен бөліскенім есімде» - деп жауап қатты.

Сол суық ызғарлы 1986 жылдың желтоқсан айында жазған:

Ұмытуға бола ма сол дауысты –  
Өз елінен таппаған қорғанысты?  
Желтоқсанның дауылы шайқағанда  
Құлатпады арулар ар – намысты.

немесе

Ұмытуға бола ма тірі тұрып –  
Шыңғыртқанын аруды жігіт ұрып?!  
Қарындастың шырылдап жылағаны  
Қандастарға батпай ма түбі түрік - , деп

жазғаны бар. [2,158].

Ақын өзінің сөзін қару етіп, сол бір ызғарлы күннің бейнесін көз алдымызға алып келгендей. Желтоқсанның жалындаған отына күйіп – піскен, ару қыздарымыз бен жігерлі ұлдарымызға құрмет қылғандай сезіледі. Күләш Ахметованың «Қазағым менің» өлеңі құдды бір еліміздің тарихы жазылған томдық кітап секілді. Бұл өлеңінде халқымыздың артықшылығы мен кемшілігін айрықша суреттеген. Оқыған сәтте бүкіл тарихымыз көз алдымыздан жүріп өткендей сезімде қаласың. «Жауына қатты қасарған, қасарған сайын жасарған. Найзамен нағыз қазақтың намысын кімдер баса алған?!» - деп келетін шумақтарында батыр бабамыздың қайсар мінезін суреттеген. Ақын сонымен қатар елімізге деген махаббатын «Таң», «Қазақстаным», «Өз елім», «Отанды сүй» жырларында айтып өткен. Мысалы үшін,  
Адамдарды таңданып, мәңгі ойлантып,  
Үшқан құстай зулайды, самғайды  
уақыт.

Мына шексіз ғаламда

Өз далаң мен

Өз Отаның болғаны қандай бақыт! – деген өлең жолдары ақынның өз елін өзінің басты бақыты деп түсінетінін байқайсың. [2,5].

Ақынның «Сен – қазақсың» туындысы жырмен танысқан әрбір тұлғаның бойында ерекше мақтаныш, күш – жігерлік тудырып, намысын оятарлығы анық. Туындысында:

Сен – қазақсың!

Бір Алланың құлысың!

Адамға адам күл болғаны құрысын!  
Жойқын соғыс, зұлматтарда жойылмай,  
Қалған ұлтсың. Қаһармансың!  
Ұлыссың! – деген

жолдарында сан түрлі сынақты бастан кешіп,  
абыроймен жеткен азаттық туының астында  
бейбіт өмір кешіп жатқан еліне мақтау айтуда.  
Немесе:

Қазынасы – нәсіп, күт.  
Қазақ болу – ғаламатқа ғашықтық.  
Жерің, суың, тауың сұлу соншалық,

Көрген кезде кететіндей жас ытқып, –  
деген жолдарда, ақын шынында да өз туған  
жеріне ғашықтай және сол жыр моншағымен  
оқырманды да ғашық етеді [3,6].

Ақынның тәуелсіздігімізді баянды еткен  
елбасымызға арнап жазған жырларымен де  
таныстым. 1991-1992 жылдары ақ қағазға  
түсірген «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық»  
туындысын еліміздің басты тұлғасына,  
елбасымызға арнаған.

Қайтып жатыр оралып түз алтыны:

Алда – биік асқар шың, мұзарт ұлы.  
Президент!  
Қазақтың дербестігін

Бүкіл дүние таныды Сіз арқылы – деп,  
елбасымызға еліміздің ертеңгісін сеніммен  
тапсырғанын, халқының қамқоршысы тек өзі  
екендігін айтқысы келгендей [4,9].

Ақын елбасымыз бастаған барлық істерін  
мақұл көріп, бір өзіне сеніммен қарағанның  
тарихта ерекше орын алатын елордамыздың  
орын ауыстыруына жазған өлеңінен байқадым.  
«Астана» туындысы 1998 жылы жазылған. Дәл,  
елордамыздың Алматыдан солтүстік аймаққа  
көшіп, орын тепкен уақыты. Бұл оқиға да  
ақынның жыр дәптеріне түскен екен. Онда:

Өнерлі орда, аспаны ән,  
Жаңбыр - нұрмен жуынған –  
Көшіп кеттің, Астана –  
Жауһар Жетісуымнан

немесе

Астана бол, аман бол,  
Ақылман бол, амал бол.  
Тайсалатын тәмам қол,  
Тәуелсіздігіме қамал бол! – деп жыр-

лайды елін сүйген ақын [4,19]. Ал, бір өлеңінде:

Біліммен, парасатпен заманыңа ер,  
Асыл Ер асқар шыңды ала білер.  
Ерлігін Елбасының көргің келсе,

Есілдің бойындағы қаланы көр! – деп,  
елорданың көркеюі елбасының ерен еңбегі  
екенін өлеңмен өрледі [4,35].

Елін шын сүйетін тұлға ретінде ақынды  
еліне байланысты, оның жері, халқы, тілі  
ойландырмай қоймас. «Қазақтың тұтастығы –  
қасиетті іс» өлеңінде тіл жайына тоқталып  
өткен.

Мұны ұқсақ, «қазынамыз – той» демес ек,  
Той емес, ең керегі – ой мен есеп.

Қазақтың бай тілінде кім сөйлесін,

Шырынын тамызып біз сөйлемесек? – дейді  
[4,35].

Ақынмен жүздескен кезімде тіл мәселесі  
мені де көп ойландыратындықтан ол кісінің  
ойын білгім келді. Ақын: «Расында да, тілдің  
жайы көп айтылып жүр. Дегенмен, уақыттың  
бір жақсы қасиеті бәрін өз орнына жайғас-  
тырады. Тіл де уақыттың еншісінде», - деді.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойы  
қарсаңында мен үшін естен кетпес сыйлық,  
осындай айтулы жырларды өмірге әкелген  
ардақты ана, аяулы жар, қасиетті ақын Күләш  
Ахметовамен кездесуім болды. Ақынның өмір-  
дің сан түрлі оқиғасы мен жай күйіне жазған  
туындыларын ары қарай оқып, зерттей түсе-  
тіндігіме сенімдімін.

Сөз соңын ақынның:

Бұлбұлдай әуез төккен лағыл таңға,  
Бұл дұғам жамандықтан арылтар ма?  
Ақ ұлпа нұр жауып тұр!

Ақ нұрыңмен,

Қазақты жарылқа Алла, жарылқа Алла! –  
деп қорытындылағым келеді.

Еліміздің бейбіт құсы мәңгілікке көкте қа-  
лықтап, бақытымыз баянды болғай! Тойымыз  
тойға ұлассын!

#### Әдебиеттер:

1. Азаттықтың жырлары (Өлеңдер жинағы). – Тараз, 2011.
2. К. Ахметова, «Бақ». – Алматы: «Атамұра». – 2005.
3. К. Ахметова, «Жайна, Қазақстан!». – Тараз, 2011.
4. К. Аметова, «Құт». – Алматы: «Дәуір». – 2005.

\* \* \*

В статье рассматривается поэзия известной казахской поэтессы Куляш Ахметовой, которая посвящена таким важным темам как: народ, независимость, родная земля и т.д. В ее творчестве природа, описывается как живое явление и сравнивается с неповторимыми оттенками описания.

\* \* \*

The article considers the poetry of the famous Kazakh poet Kulyash Aхметовой, which is devoted to important topics such as: the people, the independence of the native land, etc. In her work nature, is described as a living phenomenon and is compared with the unique tone of the description.